

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ «__» _____

№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента

«__» _____ 20 __ года

2022 ж. 22 маусымда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
А. Гиният

Депутаттық сауал

Құрметті Ажар Гиниятқызы!

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі облыстардың әкімдіктерімен келісуге «Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы» бұйрығының жобасын жіберді.

Осы бұйрықтың жобасына сәйкес, онда «Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативі баға-нында облыстық деңгейдегі 3-ші тармақтың, 2-тармақшасында мыналар көрсетілген: «перинаталдық, онкологиялық, кардиологиялық және кардиохирургиялық орталықтар көп бейінді ауруханалардың құрылымдық бөлімшелері ретінде құрылады», елдің барлық мамандан-дырылған клиникалары көп бейінді аурухананың бөлімшесі мәртебесіне ие болады.

Мысалы, осы бұйрықтың ұсынылған жобасы негізінде «Павлодар облыстық кардиологиялық орталығы» көп бейінді ауру-хананың құрылымдық бөлімшесі болуы тиіс.

Медициналық қауымдастық пен медицина қызметкерлері мұндай шешіммен келіспейді.

Осыған байланысты, қалыптасқан жағдайды ескере отырып, келесі себептерге байланысты оны орынсыз және тиімсіз деп санаймыз:

1. Көпсалалы ауруханамен бірігу, өңірдегі мамандандырылған және жоғары технологиялық кардиологиялық, кардиохирургиялық және нейро-инсультациялық көмектің толық жоғалуына әкеледі;

2. Маман-дан-дырылған медицина-лық және жоғары технологиялық медициналық көмектерге қаржы қаражатын бөлуді азайту;

3. Пациенттерге барлық күрделі санаттардағы операцияларды жүргізу мүмкіндігі болмауы, бұл өңір тұрғындары аймақтан тыс жерлерде кардиохирургиялық көмек алуға мәжбүр болуына әкеледі;

4. Жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары бар халықтың, медициналық қызметтерге қол жеткізуін қысқарту қаупі туындайды;

5. Кәсіби кадрлардың және тиісінше пациенттердің республикалық орталықтарға кетуі.

Орталықтың, жоғары білікті кардиологиялық, кардиохирургиялық, нейроинсультациялық медициналық көмек көрсету тұрғысынан, көп векторлы бағытын ескере отырып, орталықтың дербес, көп бейінді клиника болу перспективалары бар. Өйткені, мынадай бағыттар дамуда: бұл тамыр хирургиясы, және жүрек-қан тамырлары аурулары бар, жүкті әйелдердің патологиясы.

Жоғарыда аталған-дардың барлығы, ағымдағы ресурстар, орталықтағы үлкен тәжірибе, жаңа бөлімшелердің ашылуы, қосымша бюджет қаражатын талап етпейді, және оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, өңірде қан айналымы жүйесі аурулары болған және өскен кезде маман-дан-дырылған көмек көрсету мүмкіндігі жойылатын мұндай бірлестікті орынсыз деп санаймыз.

Бұл бұйрықтың жобасы екенін ескере отырып, оны талқылау шеңберінде Орталықтың өз базасында көп бейінді клиника құру перспективасы бар екендігіне байланысты денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін қалыптастыру тұжырымдамасын қайта қарауды ұсынамыз.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, жобаны талқылау шеңберінде біздің ұсынысты қарауыңызды сұраймыз.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес, жазбаша жауапты заңда белгіленген мерзімде беруді сұраймыз.

**Құрметпен,
«AMANAT» партиясы фракциясының
депутаттары**

**А. Нұркина
В. Ким
З. Камасова
Г. Нұрымова
Л. Павловец
А. Бойчин**

*Орынд. А. Қыстаубаев
746775*